

Бекітемін: _____Канапин Д.А.
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

**2019-2020 оқу жылы бойынша мектеп ортасында
жемқорлыққа қарсы тұру мәдениетін
қалыптастыруға арналған бағдарлама**

1. Жалпы Ережелер

1. Осы мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы тұру мәдениетін, рухани-адамгершілік және азаматтық –патриоттықтық тәрбие құрамында қалыптастыру бағдарламасы (бұдан әрі Бағдарлама) тәрбиенің

Концептуалдық негіздеріне, мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы тұру мәдениетін, рухани-адамгершілік және азаматтық –патриоттықтық тәрбие құрамында қалыптастыру Бағдарламасына сәйкес әзірленіп Бейнеу лицейінде 5-9 сынып оқушылары үшін жемқорлыққа қарсы бағыттағы іс шараларын қамтыған тәрбие жұмысын жүргізу ретін анықтайды.

2. Тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттері

2. Осы Бағдарламаның мақсаты жоғары адамгершілікті, жауапты, талапты және әлеуметті білікті азамат пен патриот қалыптастырып дамыту.

3. Нұсқалған мақсаттарға жету үшін келесі міндеттер қойылады:

1) рухани-игіліктілік пен азаматтық- патриоттықты тәрбиелеуге бағытталған шараларды іске асыру;

2) білім алушылардың мемлекеттік үкімет институттарына сенімін арттыру;

3) білім алушылардың саяси-құқықтық білімін қалыптастыру;

4) білім алушылардың жемқорлыққа қарсы сипатты игілікті-әдептік құндылықтарын қалыптастыру.

4. Кешенді ісшараларды өткізу үшін келесі тәрбие түрлері пайдаланылады:

1) адамгершілік тәрбиесі моральдық-әдептілікті, әр оқушының жемқорлыққа шыдамсыздығын қалыптастыруға бағытталған;

2) әлеуметтік-құқықтық тәрбие азамат пен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың мәні туралы түсінік алуға, құқықтары мен міндеттеріне, құқықтық нормаларды сақтау қажеттігіне көз жеткізуге, жемқорлықтың қоғам үшін қауіптілігін түсінуіне бағытталған;

3) эстетикалық тәрбие мектеп оқушыларының эстетикалық ұнатынымы мен қоршаған болмысқа тілектестік және отан сүйгіштік қатынас қалыптастыруға жағдай жасайтын өнер туындыларының, әдебиеттің көркемдігін түсінушілігін дамытуға бағытталған.

3. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру

5. Тәрбиелік жұмыстар «Жаңаталап орта мектебі» КММ мектебінде ұйымдастырылады.

6. Тәрбие жұмысын басқару ДТЖО Рахметжан А, тәлімгер Абдикешова А.Е жүктеледі

7. Мектепте мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы мәдениетін, мектеп оқушыларының заң талаптарын сақтауға деген ынтасын қалыптастыруға, білім мен мәдениет деңгейлерін арттыруға бағытталған шаралар кешені өткізіледі.
8. Мектепте құрылған ерікті «Адал Ұрпақ» мектеп клубы тәрбие жұмысын ұйымдастыруға қатысып қолдау жасайды.
9. Тәрбие жұмысының ұйымдастырушылық негізі:
- 1) 2019-2020 оқу жылына мектептің тәрбие жұмысының кешенді жоспары;
 - 2) сыныптың тәрбие жұмыс жоспары;
 - 3) Ерікті «Адал Ұрпақ» мектеп клубының жұмыс жоспары мект.
10. Осы бағдарламаның 9 тармағында қарастырылған жоспарлар мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру бойынша тәрбие жұмысы модельдік жоспарға сәйкес қалыптастырылады (қоса беріледі).
11. Жоспарда тәрбие жұмысының негізгі бағыттары, жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға, қоғамдық ұйымдармен, жемқорлыққа қарсы әрекет жасауға өкілетті органдарымен және басқа мемлекеттік органдармен өзара әрекеттерге бағытталған күнтізбелік іс шаралардың өткізілуі беріледі.
12. Тәрбие жұмысын жүргізуге азаматтар және қамқорлық кеңестері, ата-аналар комитеті, қоғамдық бірлестіктер, жемқорлыққа қарсы тұруға өкілетті және басқа мемлекеттік органдар қатыса алады.

4. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы

13. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының негізгі міндеттері болып мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, жемқорлыққа төзбеушілікті нығайтуға ынталыларды мадақтау, жемқорлыққа қарсы сипатты шараларға қатысу.
14. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы келесі сипатты секциялардан тұрады: жемқорлыққа қарсы білімдер; Жемқорлыққа қарсы ақпарат пен шығармашылық; жаппай мәдениеттік шаралар.
15. Жемқорлыққа қарсы білімдер секциясы лекциялар, «дөңгелек үстелдер және басқа ағарту шараларын ұйымдастыруға қатысады.
16. Жемқорлыққа қарсы ақпарат пен шығармашылық секциясы үздік бейнероликтер, суреттер, шығармалар сайыстары мен шараларды ұйымдастыруға қатысады.
17. Жаппай мәдениеттік шаралар секциясы науқандар, флэш-мобтар, диалогтік алаңдар, қоғамдық, ардагерлер ұйымдары, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен кездесулер және басқа әлеуметтік-мәнде шаралар ұйымдастыруға қатысады.

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы туралы ереже

1. Ерікті «Адал Ұрпақ» мектеп клубының Негізгі мақсаттары мен міндеттері мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру, жемқорлыққа төзбеушілікті нығайту бойынша ынталыларды мадақтау, жемқорлыққа қарсы сипатты шаралар ұйымдастыруға қатысу болып саналады.

2. **Ұжым:**9 -сынып оқушылары .

3. **Құрылымы**

Ерікті «Адал Ұрпақ» мектеп клубы келесі сипатты секциялардан құралған:

- Жемқорлыққа қарсы білімдер;
- жемқорлыққа қарсы ақпарат пен шығармашылық;
- жаппай- мәдени іс шаралар.

3.1 Жемқорлыққа қарсы білімдер секциясы дәрістер, «дөңгелек үстелдер» және басқа да ағартушылық шараларын ұйымдастыруға қатысады.

3.2 Жемқорлыққа қарсы ақпарат пен шығармашылық секциясы үздік бейнероликтер, суреттер, шығармалар шаралары мен сайыстарын ұйымдастыруға қатысады.

3.3 Жаппай- мәдени іс шаралар секциясы науқандар, флэш-мобтар, диалог алаңдарын, қоғамдық, ардагерлер ұйымдарымен, мемлекеттік органдармен кездесулер және де басқа әлеуметтік-мәндішаралар ұйымдастыруға қатысады.

Ақсу негізгі мектебінің «Адал ұрпақ» еріктілер клубының мүшелері

№	Оқушылардың аты жөні	Сыныбы
1	Амантай Диана	9
2	Марат Аяулым	9
3	Серкеш Асылай	9
4	Кенжеболат Мади	9
5	Абиев Райымбек	8
6	Мусина Гүлнар	8
7	Қажығали Айзат	8
8	Тажиханов Жахангир	8
9	Бейсенбаева Ажар	7
10	Балгожина Дилназ	7
11	Қабиден Райхан	7
12	Кушкенбаев Нұрдаулет	7
13	Кәкім Аружан	6
14	Сағыныш Ералы	6
15	Абдухашим Сезім	5
16	Балабатыров Жандос	5
17	Жилкайдаров Құрмет	5
18	Жоламан Нұрали	5
19	Кенжебулат Нияз	5
20	Мақсұтқызы Әмина	5
21	Сәлік Әбуханиф	5
22	Серкеш Асадуллаһхамза	5
23	Тажиханов Жасурбек	5

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының 2023-2024 ж.ж. ұйымдастыру жоспарының ЕСЕБІ

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының негізгі міндеттері мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады.

Осындай міндеттерді негізге ала отырып, Ақсу негізгі мектебінде «Адал ұрпақ - болашақ негізі» атты тақырыбында жиын өтті. Мектеп ұжымы мен 1-9 сынып оқушыларының қатысуымен өткен жиын мектепте аса өнегелі, жауапты бастамашыл және әлеуметтік құзырлы азаматты немесе патриотты қалыптастыру үшін жағдайлар жасау, заң аясында түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатын көздеді. Жиын барысында ел тарихына шолу жасалып, мемлекеттік қызмет пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар жайында бейнеролик көрсетілді. Мектеп директоры Нургалиева Ж.Е сөз сөйлеп, жиынның маңыздылығына тоқталды. Еліміздің алдыңғы дамыған елдер қатарына енуіне, мемлекетімізді өркендетуде болашақ ұрпаққа білім мен тәрбие бере отыра, оқушылардың биік жетістерге жететіндеріне сенім білдірді.

Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы 1-9 сынып оқушылары арасынан 14 оқушыдан тұратын «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылды. Клубқа 9- сынып оқушылары Амантай Диана, Марат Аяулым, Серкеш Асылай, Кенжебулат Мади, 8 сынып оқушылар Мусина Гүлнар, Қажығали Айзат, Әбиев Райымбек, Тажиханов Жахангир, 7 сынып оқушылары Балгожина Дилназ, Бейсенбаева Ажар, Қабиден Райхан, Кушкунбаев Нұрдаулет, 6 сынып оқушылары Кәкім Аружан, Сағыныш Ералы. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жетекшісі Какжанова Жанар Амангельдиновна оқушыларды отансүйгіштікке, азаматтылыққа, адамның құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне құрметті, адамгершілік сезімдер мен этикалық сананы, сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін, еңбексүйгіштікке, оқуға, өмірге жасампаздықпен қарауға тәрбиелеу мақсатында клуб мүшелерінің ұйытқы болуымен «Парасатты азамат» бұрышы жасалып, онда құнды ақпараттар жинақталды. Оқушылардың назарына адал еңбек ету керектігі, еңбек түбі-береке екені айтылып өтті. «Жемқорлық дегеніміз не?», «Жемқорлықтың қалай алдын алуға болады» сынды тақырыптарда әңгіме қозғады. Әр оқушы өз ойларын еркін жеткізіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы екендерін білдірді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспарына сәйкес қыркүйек айының 7-і жұлдызында «Біз жемқорлыққа қарсымыз!» атты тақырыпта ата-аналар жиналысы өтілді. Жиналысқа 1-9 сыныптан 15 ата-ана қатысты. Жиналыс барысында құқықтық тәрбиелеуде және құқық бұзушылықтарға,

оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін қалыптастыруда отбасының рөлі көрсетілді.

Ата-аналарға балаларда құқықты, заңдарды, құқылық тәртіпті құрметтеуге тәрбиелеу бойынша жадынамалар таратылды.

«Бүгінгі оқушы ертеңгі еліміздің, жарқын болашағымыздың айқын бейнесі»-деп ата-аналар комитетінің төрайымы Мусина Б.К атап өтті. Аталмыш тақырып бойынша мектеп әлеуметтік ұстаз Курмантасова А.К бейне-фильмдер мен «Жемқорлық дегеніміз не?», «Жемқорлықтың қалай алдын алуға болады» тақырыптарында ақпараттар беріп, «Адал Ұрпақ» топ жетекшілері Какжанова Ж.А баяндама оқыды. Ата-аналар бір ауыздан жемқорлыққа қарсы екендерін білдіріп, өз балаларын адал етіп, өз елін, жерін сүйетін патриот болуларына тәрбиелейтіндіктері туралы айтты. Жиналыстың қорытындысы бойынша мектеп директоры Нурғалиева Ж.Е сөз сөйлеп, жиынның маңыздылығына тоқталды. Еліміздің алдыңғы дамыған елдер қатарына енуіне, мемлекетімізді өркендетуде болашақ ұрпаққа білім мен тәрбие бере отыра, оқушылардың биік жетістіктерге жететіндеріне сенім білдірді.

Мектеп оқушыларының арасында «Жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында сурет көрмесі өтілді. Көрменің мақсаты оқушыларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеудің негізгі міндеті – құқықтық сананы қалыптастыру болды. Көрмеге 5-8 сынып оқушыларының суреттері қойылды. Жеңімпаздар мектепшілік лездемеде мақтау қағазымен марапатталды.

Мектеп кітапханашы 04.09.2023 ж. Смайлова Ш.А және «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының мүшелерінің ұйымдастыруымен үнемі жаңартылып тұратын «Парасатты азамат» бұрышы жасалынады. Басты мақсаты азаматтылыққа, отансүйгіштікке, адамның құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне құрметтеу, адамгершілік сезімдер мен этикалық сананы, сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін, еңбексүйгіштікке, оқуға, еңбекке, өмірге жасампаздықпен қарауға тәрбиелеу болды. Оқушылар арасында сыбайластық жемқорлыққа қарсы алу жұмысы бойынша мектепте «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» ұранымен іс-шаралар жоспарын іске асыру мақсатында тәрбие сағаттары өткізіліп тұрады.



Өткізілген: Смайлова Ш.А

Ақсу негізгі мектебінің Адал ұрпақ еріктілер клубы

16.11.2023ж. Ақсу негізгі мектебінің Адал ұрпақ еріктілер клубының 5-7 сынып оқушыларымен «Адалдық-адамдықтың белгісі» атты сынып сағаты өткізілді. Мақсаты:

Адалдық пен шындықтың адами қарым-қатынастағы мәнін түсіндіру;

Адалдық, шыншылдық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ету;

Адал, шыншыл болуға тәрбиелеу.

Адалдық пен шындықтың адами қарым-қатынастағы мәнін түсіндіру.


Тапсырмалар, тыныштық сәті, жана ақпараттармен оқушылар

таныстырылды. Адалдық – деген не ? сұрағына оқушылардан жауап алынды.



Өткізген: Какжанова Ж.А

18.01.2024 ж Ақсу негізгі мектебінде 8-9 сынып арасында «Сыбайлас жемқорлықпен күрес» атты эссе жазу өткізілді. Қазіргі таңдағы ауқымды мәселелердің бірі- сыбайлас жемқорлық. Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оқушыларға сыбайлас жемқорлықпен күресу, оның деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылатыны түсіндірілді.



Өткізген: Курмантасова А.К Какжанова Ж.А

Ақсу негізгі мектебінің «Адал ұрпақ» еріктілер клубы 15.02.2024 ж. Ақсу негізгі мектебінің «Адал ұрпақ» еріктілер клубының 5- сынып оқушыларымен «Сыбайлас жемқорлық және сыбайлас жемқорлықтың салдары» атты сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты: “Сыбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. Патриоттық тәрбие қалыптастыру.

Ел болып еңсемізді көтеріп, тәуелсіздігімізді алып, барша әлемге танылды, мемлекетіміздің тамыры тереңге тарап, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар қабылданды, ел экономиясы мен әлеуметтік жағдайымыз түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орнымызды айқындадық. Қоғам дамуының жаңа жолын таңдап, уақыттан туындаған әр түрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойдық. Ол жол – Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастауымен алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы.

Құрметті оқушылар әрқашанда адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, мақсатты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншіліктерімізді пайдалануға тырысайық



Өткізген: Какжанова Ж.А

Ақсу негізгі мектебінде 18.04.2024 ж. «Жемқорлықсыз болашаққа» атты мектеп кітапханасында көрме сағаты ұйымдастырылды. Әр сыныпоқушылары өздерінің жемқорлыққа қарсы екендерін білдірді. Көрменің мақсаты оқушыларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеудің негізгі міндеті – құқықтық сананы қалыптастыру болды.



Өткізген: Какжанова Ж.А

2023-2024 оқу жылының басынан білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Айталық, оқушылар арасында «Адал ұрпақ» клуб мүшелерінің отырысы, сынып сағаттары, дөңгелек үстелдер, «Қоғамдық тәртіп негіздері» атты пікірталас практикұмдары және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу» тақырыбында іскерлік ойындар, «Қазақстан – құқықтық мемлекет» атты айлықтары өтті. Оқушылар арасында «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» атты сурет конкурстары және эссе жазудан байқаулар ұйымдастырылды. «Адал сатылмайтын еңбек бейнесі» тақырыбында бейнероликтер байқауы өткізіліп келеді. Жемқорлық, паракорлық сынды жағымсыз әдеттердің зиянын ұғындыру мақсатында құрылған «Адал ұрпақ»

еріктілер клубының жұмысына белсенділіктің артуы еліміздің жарқын болашағына қосқан үлесі деп білеміз.

Өскелең ұрпақты адамгершілікке, патриоттық сезімге тәрбиелеу, олардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төз-беушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау әрі нығайту, оқушылардың заң талаптарын сақтауға ынтық қалыптастыру заман талабынан туындап отырған үрдіс. Біз болашаққа тек адал ұрпақ тәрбиелеп, би-ліктің биік тармақтарында еңбек етуіне ықпал етуіміз керек. Адал азаматтарға қашанда жол ашық. Міне, осындай биік мінбер бүгінгі жастарға беріліп отыр. Осыдан-ақ болашақ ұрпаққа деген қошеметтің салмағын сезінуге болады. Бұл күрестің тиімділігі қоғам және мемлекеттің күш-жігерін біріктіруге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыруда іргелі құндылықты нығайтуға тікелей байланысты. Сондықтан мемлекет басшысы осы мәселеге үнемі баса көңіл бөліп, азаматтық қоғамды осы әлеуметтік зұлымдықпен күресуге белсенді қатысуға шақырады. Себебі, әлемде бірде-бір мемлекет, азаматтық қоғам көмегінсіз сыбайлас жемқорлықты азайта алған емес. Елбасы атап өткендей, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда көп мәселе бүкіл қоғамның белсенді қатысуына байланысты болады. Әлеуметтік желілер мен басқа да медиаресурстың дамуымен бірге, бұл құбылысқа тосқауыл қою сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда қуатты құрал болуы тиіс. Әсіресе өскелең ұрпақ сыбайлас жемқорлықтан ада болу үшін мектеп қабырғасынан бастап тәрбиені осы бағытта беру маңызды. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы – жарқын болашақтың кепілі.

ДТІЖО: Канапин Д.А